

Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына 2007 жылғы 6 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының бітімгершілік қызметі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы ұсыныс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № 806 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына 2007 жылғы 6 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының бітімгершілік қызметі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы ұсыныс енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

Жоба

**2007 жылғы 6 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының
бітімгершілік қызметі туралы
келісімге өзгерістер енгізу туралы
ХАТТАМА**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттер

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы бітімгершілік қызметінің құқықтық негіздерін одан әрі жетілдіруге ұмтыла отырып,

2007 жылғы 6 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының бітімгершілік қызметі туралы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) 15-бабын басшылыққа ала отырып,

төмендегілер туралы уағдаласты:

1. Келісімге мынадай өзгерістер енгізілсін:

1.1. 1-бапта:

а) мынадай мазмұндағы тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

"үйлестіруші мемлекет" – ұйымдастыру мәселелерін және БҰҰ-ның бейбітшілікті қолдау жөніндегі операциясында ҰБК-ны қолдануды жан-жақты қамтамасыз ету мәселелерін шешу үшін ҰҚК айқындайтын мүше мемлекеттердің бірі;"

б) тоғызыншы – он бірінші абзацтар тиісінше оныншы – он екінші абзацтар болып есептелсін;

1.2. 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап

Бітімгершілік күштер БҰҰ-ның бейбітшілікті қолдау жөніндегі операцияларында қолданылуы мүмкін.

БҰҰ-ның бейбітшілікті қолдау жөніндегі операцияларында қолдану үшін ҰБК үйлестіруші мемлекет аясында құрылады. БҰҰ-ның бейбітшілікті қолдау жөніндегі операциясына ҰБК-ның қатысу шарттары үйлестіруші мемлекет БҰҰ-ның уәкілетті бөлімшесімен жасайтын келісімде айқындалады. БҰҰ-ның бейбітшілікті қолдау жөніндегі операцияларында қолдануға арналған бітімгершілік контингенттерді ҰБК-ға қосуға байланысты жеке мәселелер үйлестіруші мемлекет пен басқа да мүше мемлекеттер арасындағы екі және көпжақты келісімдермен регламенттеледі.

Әрбір мүше мемлекет өзінің қатысуы туралы ҰҚК-ға хабарлай отырып, БҰҰ бітімгершілік әлеуетінің әзірлігін қамтамасыз ету жүйесінде тіркелген өзінің бітімгершілік контингентін БҰҰ-ның мандаты бойынша бітімгершілік операцияларға қатысу үшін жіберуге құқылы."

2. Осы Хаттама Келісімнің 12-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

202__ жылғы "___" _____ қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды. Осы Хаттаманың төлнұсқа данасы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Хатшылығында сақталады, ол осы Хаттамаға қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Армения Республикасы үшін

Беларусь Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін

Тәжікстан Республикасы үшін